



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№187
(20661)



7 желтоқсан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақтөбе облысына жұмыс сапары Мәртөк ауданы Саржансай ауылындағы спорт кешенінің жұмысымен танысудан басталды. Бұл нысанның жалпы аумағы 1048 шаршы метрді құрайды. Мұнда спорттың бірнеше түрі бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Қасым-Жомарт Тоқаев еркін күрес залы мен шағын футбол алаңын аралап көрді.

Президент спорт кешенінде жас спортшылармен кездесті. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев спортпен шұғылдандудың маңыздылығына назар аударды. Спорт адамның көзқарасын түзейді. Әсіресе жастарға күш-жігер береді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы футболға қолдау көрсетілетініне тоқталып, аталған спорт түрінің болашағына сеніммен қарайтынын жеткізді.

Президентке Ақтөбе облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасының іске асырылу барысы жөнінде баяндалды. Аталған бағдарлама қолға алынғалы бері өңір бойынша 1471 жобаға 6,6 миллиард теңге көлемінде несиелер берілген. Сондай-ақ биыл қыркүйек айында қосымша 12,5 миллиард теңге қаржы бөлінген.

Мемлекет басшысына бағдарлама аясында аймақтағы 209,8 гектар алпауқат көкөніс және бақша дақылдары егіліп, жалпы аумағы 1 гектардан асатын 77 шағын жылыжай салынғаны туралы айтылды. Сонымен қатар 101 қондырғылық цех пен наубайхана, 129 шағын сүт өңдеу, 65 ет өңдеу жобасы іске қосылған.

Бұдан бөлек, Ақтөбе облысында 1210 жаңа жұмыс орны ашылып, 1062 адам жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Бір ғана Мәртөк ауданының өзінде аталған бағдарлама шеңберінде ұсынылған 195 жобаға 902,5 миллион теңге несиелер берілген.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында іске асырылған жобалармен және аймақтағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдерімен танысқаннан кейін жергілікті кәсіпкерлермен әңгімелесті.

Президент ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін «Ауыл аманаты» бастамасы қолға алынғанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев жобаның тиімді тұстарын атап өтіп, мемлекет шаруаларға, шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсететініне назар аударды.

Ақтөбе облысына жұмыс

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

СЫР Өңірі алғашқы үштікте

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жүк тасымалын және транзитті дамыту, педагогикалық кадр даярлау мәселелері қаралды.

СБ Айгүл БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Ведомство басшылары мен өңір әкімдері атқарылған жұмыстар, алдағы міндеттер жайлы хабарлама жасады. Жиында облыс әкімі Нұрлыбек

Нәлібаев «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің бойында орналасқан сервистік нысандардың 88,6 пайызы ұлттық стандартқа сәйкес

келетінін және Сыр өңірі сервистік нысандарды цифрландыру бойынша алғашқы үштікке екенін айтты. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің Қызылорда облысына тиесілі аумағы – 810,5 шақырым. Оның бойындағы 53 жол бойы сервистік нысанында 1050 адам жұмыспен қамтылған. Бүгінде 47 нысан, яғни 88,6 пайызы ұлттық стандартқа сәйкестендірілген. Осы

көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы алғашқы үштікке кіреді. Нысандар интернетке қосылған және «Google maps», «Яндекс. Карта» жүйелеріне енгізілген. Стандартқа сай емес 6 кешен бойынша тиісті жұмыстар жасалуда. Оның ішінде 2004 жылы салынған 2 нысан жыл соңына дейін, қалған 4-уі алдағы жылдың бірінші жартыжылдығында ретке келтіріледі. Алдағы уақытта салы-

натын жол сервистік объектілер ұлттық стандартқа сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстар атқарылады. Бұдан бөлек, жол бойы кешендерін күтіп-ұстау шығындарының бір бөлігі ай сайын өтеледі. Қызылорда облысындағы жол бойы сервистік нысандарының сапалы әрі үздіксіз жұмыс жасауы қатаң бақылауда болады, – деді аймақ басшысы.

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН



Суретерші: Айгүл Батталова

Оқушылар сарайының іргетасы қаланды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының сол жағалауында бой көтеретін 350 орындық Оқушылар сарайының іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Заманауи қосымша білім беру орталығының құрылысы басталар алдында аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, кешен келешекте балаларға қуаныш сыйлайтынын жеткізді.

СБ Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»



ҮЛГІЛІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР АНЫҚТАЛДЫ

Сейсенбіде Қызылорда қаласының «Тағзым» алаңында «Үлгілі елді мекен» конкурсының жеңімпаздарына, «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ мен «Қызылорда тазалығы» ЖШС-на автокөліктер табысталды. Бұл іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ел ағалары, сала мамандары және қала тұрғындары қатысты.

– Жыл сайын Президент бастама-сымен елімізде «Бірге: Таза Қазақстан» экологиялық акциясы тұрақты түрде өткізіліп келеді. Биыл акцияға облыстың 11 мыңнан астам тұрғыны ерікті түрде қатысып, туған жердің тазалығын сақтауға үлес қосты. Осы ретте ауыл-аймақты көркейтуге, көгалдандыруға белсенді қатысатын елді мекендерді ынталандыруда қолға алынды. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бағыттап, «Үлгілі елді мекен» конкурсын ұйымдастырдық. Биылғы бірінші жартыжылдықта өткен конкурста аймақ халқы белсенді қатысып, жеңімпаз 6 елді мекенге күнделікті тұрмысқа ең қажетті деген заманауи үлгілері 14 арнайы техника берілді. Облыс тұрғындарының белсенділігі ескеріліп, конкурс күзде екінші мәрте ұйымдастырылды. Ауыл-аймақтың ажарын айнықтап, келбетін көркем етуге бағытталған конкурс аудан орталықтары мен ауылдар арасында дәстүрлі түрде жалғасалы, – деді аймақ басшысы құттықтау сөзінде.

Үлгілі елді мекендерді анықтауға азаматтық қоғам өкілдерінен құралған комиссия мүшелері атсалысты. Нәтижесінде Сырдария ауданы Бесарық ауылы «Үлгілі

ауыл» номинациясы бойынша үздік деп танылса, Қармақшы ауданының Дүр-Өңір және Жанақорған ауданы Жаманбай батыр ауылдық округіне қарасты Бесарық ауылдары жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Ал «Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша Шиели кенті үздік деп танылды. Екінші орынға Қазалы ауданының орталығы Өйтеке би кенті орналаса, Арал қаласы үздік үштікті түйіндеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге барлығы 15 техника табысталды.

Одан бөлек «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесіне құны 200 млн теңге болатын 16 автокөлік және «Қызылорда тазалығы» ЖШС-на 434,5 млн теңгенің 7 аралас жол көлігінің сертификаты табысталды.

Қоғам қайраткері, Қызылорда қаласының және Қазалы, Арал аудандарының Құрметті азаматы Айгүл Кошербаев жерлестерін құттықтап, игі тілек білдірді.

– Бүгінде тазалық, көркейту-көгалдандыру мәселелеріне тұрақты назар аударылып келеді. Көктем-күз мезгілінде тиісті іс-шаралар жүзеге асады. Сол арқылы ауыл-да тазалық мәселесі дұрыс жолға қойылды.

ҚҰДІРЕТТІ ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТ



М.Өvezov атындағы қазақ ұлттық драма театрының ұжымы Сыр өліне гастрольдік сапармен келді. Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театр ұжымы артистерді қарсы алып, құрмет білдірді.

СБ Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Сондай-ақ, театр фойесінде КСРО және Қазақстанның халық артисі Асанәлі Әшімов, театр директоры Еркін Жуасбек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шынар Жансыбекова, Асылбек Боранбай және облыстық театр басшысы Мұхтар Низовтың қатысуымен пресс конференция өтті.

4-бет

СЫР ӨНЕРІНІҢ ЕЛОРДАДАҒЫ САЛТАНАТЫ

Астана қаласының 25 жылдығына орай 8-9 желтоқсанда Қызылорда облысының Астана қаласындағы Өнер күндері өтеді. Салтанатты іс-шара 8 желтоқсан күні Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының Астана қалалық Жастар театрында сахналанып Ш.Айтматовтың «Жеміле» спектаклімен ашылады. Келесі күні, 9 желтоқсанда мемлекет және қоғам қайраткері, Сыр перзенті Т.Жүргеновтің 125 жылдығы аясында жазушы-драматург Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» спектаклі сахналанады.

СБ Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

4-бет



Бізге берілген техникалар арқылы ендігі кезекте сол игі істерді жалғастыра береміз, – деді Бесарық ауылы әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Қанопов.

Еске салсақ, бұған дейін облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесін шешу үшін 300 автобус сатып алуға келісім-шарт жасалды. Мұнан бөлек, мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 45 жедел жәрдем көлігі,

орманшыларға 95 техника, құқық қорғау органдарына 92 және ветеринария мамандарына 30 қызметтік автокөлік берілді.

Ендігі кезекте облыстық бюджеттен «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы мен жылу-электр орталығына 943 млн теңгеге арнайы техникалар сатып алынады.

«СБ» ақпарат

БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.

Құдіретті өнерге құрмет

– Қасиетті өнерді тарихына қайтарып қалыңдығын келетіндер көбейіп барады. Ол мүмкін емес қой. Өнер – құдірет, өнер – шексіздік. Театрдың өрісі кеңіген сайын оның тынысы да ашылады. Бұл өмірдің заңы ғой. Қара тұс болмаса, ақтың қасиетін біле ме адам? Өлім болмаса, өмірдің қадірін кім түсінеді? Бекежан болмаса, Төлеген Төлеген болар ма еді? Қыз Жібек – Төлеген – Бекежан арасындағы драма болмаса, кино кино емес, тек тәтті көміршіт болып шығар еді. Сол секілді біз келген қойлымдарда да тосын шешімдер жетерлік, – деді Асанәлі Әшімов.

феодалдық заманның әділетсіздігі, жаңа мен ескінің тартысы, екі жақтың арасындағы махаббат, қос ғашықтың қосыла алмауы, ескі салт-сананың үстемдігі туралы деп қабылдап келгеніміз үшін алғаш рет өзіндік айыптап, ренжігендей күй кештік.



Иә, Әуезов жүз жыл бұрын бүгінгі күн туралы толғапты. Театр сапарының шымдығы «Қарагөзбен» ашылып, бір жарым сағат бойы көңілдің неше алуан құбылысына салғанда, біз осыны ұғындық. Шымдылық ашылғанда сахна ортасында Қарагөз бен Нарша тұр. Қызға ынтық жас жігіт сезімін білдіргісі келгенмен, қыз оны бетімен жасқап, көңілінің өзінде екенін білдіргісі келгендей. Қарагөздің ғашығы – Сырым. Бірақ махаббат жолында тас бөгеттей үлкен кедергі бар. Екеуі де – Қарауылдың ұлы мен қызы. Екеуінің туыстық түбірі жеті атаға жетпеген, сондықтан алты атадан аспаған ағайындық ру дәстүрі бойынша бір-бірімен қосылуға қайшы болып тұр. Оның үстіне Қарагөз бесікте жатқанында-ақ «малмен байланып, батамен маталған», басқа рудың әлді бір байының баласы Наршаға айттырылған. Қарагөздің ауылына құдалар келіп, келіндерін алып кеткішкі. Бірақ қыздың бар анасы – Сырым. Бақытты махаббат жолында ашық айқасқа шығып, ата салтынан аттап өтуге бар аруды ешнәрсе тоқтатақ емес. Сахнада жігіт алған бетінен қайтпайтын қайсар, батыл, қолынан суусып ұшып бара жатқан Қарагөзге деген сезімін, қасіретін толғайды, бұл психологиялық толғанысы кейінкерді жүрген жерін қызық-дұманға батырған салтанатты серінің өзі етіп көрсетеді.

Қарагөздің қайғысы
Қазіргі театрдың классикаға неге құмар болатыны Әуезов театры сахнадағы «Қарагөзден» анық көрініп, «Сахнада мың сан рет ойналып, сірнесі ағып, сілесі қатқан «Қарагөздің» елге белгілі ескі оқиғасын жамап-жасқап қай жерін жаңалық етіп, жаңа тұрпатты қойылым жасамақ» деген сауалдың санын бір түрткіп отуы заңды. Бәсе, неге? Сөйткенде сұңғыла Әуезов өткен ғасырдың оқиғасын құрып жазып кеткен «Қарагөздің» түбіне нақ мына біз өмір сүріп отырған бүгінгі күннің сорғалаған шындығын жасырып кеткенін білдік пе?
Қарағө көрермен көптен бері жоғалтып алған шешендікті сахнадан қайта қорды. Мұнда уақыттың мағынасы жоқ. Қарагөз бен Сырымның арасындағы махаббат драмасының Нарша мен Қарагөз арасында қасіретке ұласуы шытырманға толы. Бұл пьесаны бұрын 1-бет

нада жарылыс, жүректе жанартау атқылағандай қозды айқындық, кеудені бір тұнықтық жайлайды. Махаббаттағы теңсіздік – кер заманның теңсіздігі. Соқырға таяқ ұстатқандай, сахнадан алғаш рет осы шындықты көргенде, режиссердің сұңғалығына риза болмаса амалымыз қалмады. Мына немересі Қарагөз бен жегесі Ақбаланы қыспаққа алған қытымыр әрі алуынды Мөржанның теңгеріне кім төтеп бере алады? Айдаһардай ысқырығы жер жарған Мөржан қарсыласқан немересі Қарагөздің сырты мен құпиясын жегесінен білмек. Ақбаланың басына салған қарқарадай кіршіксіз ақ орнамалды Мөржан қос қолымен шап беріп ұстап, тарқатып шешіп жатыр. Шыбырдай шұбатылған орнамал қызыл камзол киген жеттің екі бөлігіне мықтап орап алып, босатпайтын «ұзын арқау, кен тұсауы». Аты айтып тұрғандай, Ақбала – періштедей пок қазактың өзі, қанша бұқынды қарсыласса да, тегеурінді ұстап, қуатты қармақтан құтыла алмай, Мөржанның арбасы болып желіліп кетіп барды...

Нарша Қарагөздің жүрегін жаулай алмаған күйі жер болады. Екеуі отау тіксе де, сүйеніне қосыла алмаған сұлудың арманы Сырым болып қала берді. Соған қарамастан, Нарша образы кішіпейіл кендікке, сабыр мен ұстамдылыққа құрылған, бірақ күні-түні Сырымды ғана ойлап, есі ауысқан Қарагөзді бәрбір еркіне жібермеді. Қарагөз жанданды, Сырым сергелденіп күйін кешіп қала берді...
Әуезов шығармаларына ғана тән тіл өрнегін бұзбастан, таптаурып болған сахна схемасына өзгеріс енгізіп, танымал туындыны жаңа заманға лайықтап өзгеше мағына ұстай алынып, өткен ғасырдың оқиғасына жаңа мазмұн тауып, сахнада батылдық таныта алғаны үшін ұлттық театрға алғысымыз шексіз.



«Ainur cakes» – тәттілер әлемі

Қызылордалық кәсіпкер Айнура Баймаханова кәсіпкерлікпен 2016 жылдан бері айналысып келеді. Алғашқыда үйде төрт пісіріп, әлеуметтік желі арқылы дайын өнімдерін сатып бастады. Кейіннен ресейлік білікті мамандардан білімін жетілдірді.

Салада 7 жылдан астам еңбек еткен кондитер шағын кәсіпін отбасылық бизнеске айналдырған. Бүгінде «Ainur cakes» кондитерлік цехының кала бойынша үш дүкені бар, 40 адамды жұмыспен қамтып отыр. Күнделікті пісірілетін нан өнімдерінің саны 150-ден асса, 50 шақты төрт сағаттық шығарылады. Одан бөлек халықтың сұранысына сәйкес, күнделікті тапсырыспен басқа да тәттілер мен тортар әзірленеді.
– Сонымен қатар жартылай дайын өнімдер бар. Көпшілік тарапынан жоғары сұранысқа ие оның астын тағам түрін дайындап, сағаттық шығарамыз. Десерт түрлерімен шектелмей, күнделікті ас мәзірін де жартылай әзірлеп сатамыз, – дейді кәсіпкер.
Екі жылдай үй жағдайында тәттілер пісіруден бастаған Айнура Баймаханова кәсіпін кеңейтуді ойлап, 2021 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы несие, кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасында «Даму» қорының субсидиясы мен кепілдігін алған.



Адам табиғаты туа бітті шексіз сырға толы құбылыстардан тұратыны даусыз. Ал тіршілік иесінің жаратылысы бір тылсым дүниеге тәуелділікте екенін сеземіз. Тұлға болып қалыптасу туған жердің топырағына, ауасына, қоршаған ортаның тәрбиесіне тікелей байланысты екені баршамызға белгілі. Солай бола тұра бір жерде, бір ортада болған азаматтардың өртүрлі дәрежедегі өмір талғамы табиғи болмысының тұңғиығында жатса керек.

Құлжан ана

Бұл пікірлер Құлжан апам жөніндегі терен толаныстан шыққан ой тарамдары еді. Облыстық комсомол комитетінің насихат және мәдени-көпшілік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі болып жүріп, Сыр бойындағы комсомол жастар ұйым жетекшілерінің өмір жолын жете зерттеу, өскелең ұрпаққа үлгі есебінде ұсыну, атқарған жұмыстарын насихаттау да біздің назарымыздан тыс қалмайтын-ды. Шилелі ауданы жастар ұйымының Сыр бойының даңқты перзенті, еңбек адамның нағыз шынайы бейнесіне айналған, күрші дақылдан өсірудің асқан шебері, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың еңбек жолын насихаттаудың бастамашылар тобының алғашқысы болған Құлжан Жаукебаева апамыздың қызметін сыртай да жақсы білетін едік. Ол кісінің терен білімі, ойлау қабілетінің ауқымдылығы, адамдарды танып білудегі сезімталдық қасиеті, бауырмалдылығы мен қамқорлыққа толы адамгершілік қасиеттері өзіміз өмір сүрген қоғамдық-саяси ортаның қатардағы белсенді мүшесі ғана болмай, көпбасшылық дәрежеге дейін жеткізгенін көпшілік қауымның білгеніне куәгерміз.

Алғашқы кездесу сәтіндегі адами бейнесі, сөйлеу мәнері, пікір алысу кезіндегі ой-өрісі, талап-талғамы, тағы да толып жатқан жайлар көп нәрсең анғартады ғой. Менің жеке пікірімде Шилелінің орталығындағы №45 мектеп-гимназияның аудан тарихына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Киелі орданың шәкірттері елдің еңселі азаматтары болып, абыройын асқақтатқан. Бір-екі мысалды ғана айтайын, Қызылорда облысының басшысы болған Сейітбек Шауамаңұлы мен кейінгі буын өкілі, қазіргі Ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмалдылаевты айтсақ та болар еді. Аудан басшылығында болған азаматтар шоғыры баршылық. Бірін айта бастасақ, екіншісі кезекте тұрғанын ескеріп, осымен шектелгенді дұрыс санадым.


Мектептегі ұстаздар қауымының келбетін, терен педагогикалық білім шеберлігін шындауда, ағалар дәстүрін бұзбастан, абырой биігінен үнемі орын алған Құлжан Жаукебаева апамыздың рөлі ерекше болды. Бірқалыпты тұрмыс-тіршілігі, сөзі мен ісі әрдайым елдің көз алдында болып от бағасын алды. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы да, ауатком төрағасының орынбасары да болған белгілі Сыр бойының тұлғалы қызы еді.

СЫР ӨНЕРІНІҢ ЕЛОРДАДАҒЫ САЛТАНАТЫ



Елордалықтар назарына «Сыр өңірі – Түркі өркенінің алтын бесігі» атты үш бөлімнен тұратын көрме ұсынылады. Көрмеге қазақ тарихындағы төрт астананың ізі қалған Сыр өңірінің өткені мен бүгінгі арқау болған. Айталық, бірінші бөлімде Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан сақтардың ағнасы болған ежелгі Шірік-Рабат, ортағасырлық Жанкент, Қыпшақ мемлекеті, Ақ Орда және Қазақ хандығының астанасы дәрежесіне көтерілген ортағасырлық Сығанақ қалашықтарының табылған бірегей археологиялық жәдігерлер және биыл ел тарихына үлкен ғылыми жаңалық болып енетін «Шірік-Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары алғаш рет қойылады. Екінші бөлімде Сыр бойындағы қазақтар пайдаланған құнды этнографиялық, теңдесі жоқ зергерлік бұйымдар коллекциясы орналас-тырылады. Оның ішінде Сыр өңірінде өмір сүрген белгілі тарихи тұлғалардың Бұқарбай батыр Естекбайұлы, Қалмұхаммед ишан Марал-1-бет

Жас спортшының жеңісі



Түрлі бәсекелерде топ жарып жүрген жастардың бірі Нұрсұлтан Әліпайұлы Жас спортшы қазір ӨҚҚР-тың атындағы №48 мектеп-лицейдің 10 сыныбында оқиды. Нұрсұлтан 30 қараша мен 3 желтоқсан аралығында Алматы қаласында өткен ауыр прэзплинг АІГА-дан Қазақстан чемпионатында 60 келі салмақта жүлделі бірінші орынды иеленді. Алайтүрнірге Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Бразилия, Ресей мемлекеттерінен 1200 жас спортшы қатысқан. Байрақты бәсекелесте Шилелі ауданынан 18 бала қатысып, 15 бала жеңіс биігіне көрінді. Қоржына 4 алтын, 5 күміс, 6 қола түсті. Айтпа кетсек, өңірде джиу-житсу жеке-жеке спортшы қызығушылық танытқан жастардың саны артып келеді. Осы спорт түрін сенімді сергіту санаған спортшылар республикалық, облыстық бәсекелерде топ жарып жүр. «Ұстазы жақсының ұстағаны жақсы» дегендей, спортта баланы баптайтын жаттықтырушының еңбегі жоғары. Нұрсұлтан жаттықтырушысы – білікті банкер Ербол Шілмбетов. Білектің күшімен қатар шеберлікті талап ететін бұл спорт түрімен шығалындау кез келген жігіттің жүрегі лауалай бермейді. Нұрсұлтан – бұған дейін де байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген жастардың бірі. Айталық, Талдықорған қаласында панкратийоннан өткен республикалық жарыста топ жарып, жүлделі үшінші орынды иеленді. Жалпы, қазіргі өзінде оның қоржынында 10 алтын, 6 күміс, 7 қола медаль бар» деген тәмсіл бар. Сондықтан, Нұрсұлтан секілді ертінен зор үміт күттіретін жас спортшының әлі де талай дүбірлі жарыстардан жеңіспен оралатынына сенім мол.